



**БҮЙРЫҚ**

*2025 ж. 13 наурыз*

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№

*11*

город Астана

**Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының  
Өнеркәсіп және құрылыш министрлігі болып табылатын  
акционерлік қоғамдардың директорлар кеңесінің құрамына  
тәуелсіз директорды конкурсстық іріктеу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 5 қазандағы № 21 бүйрығымен бекітілген Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексінің 70-тармағына сәйкес, **БҮЙЫРАМЫН**:

1. Осы бүйрыққа 1-қосымшага сәйкес Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыш министрлігі болып табылатын акционерлік қоғамдардың директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорды конкурсстық іріктеу тәртібі бекітілсін.

2. Осы бүйрыққа 2-қосымшага сәйкес құрамда Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыш министрлігі болып табылатын акционерлік қоғамдардың директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорды іріктеу бойынша комиссия құрылсын.

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрлігінің Каржы және корпоративтік басқару департаменті:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

2) осы бүйрықтан туындаитын шараларды қабылдасын.

4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрлігі аппаратының басшысына жүктелсін.

5. Осы бүйрық қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің міндеттін атқарушы



*Райсақұлов*

000424

Казакстан Республикасы  
 Өнеркәсіп және құрылым министрі  
 міндеттін атқарушының  
 2025 жылғы «13» «жетекшілік»  
 № 11 бүйрүгіна 1-косымша

**Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және  
 құрылым министрлігі болып табылатын акционерлік қоғамдардың  
 директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорды сайлау  
 ТӘРТІБІ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігі болып табылатын акционерлік қоғамдардың директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорды сайлау Тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 5 казандағы № 21 бүйрүгімен бекітілген Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексінің 70-тармағының негізінде өзірленді.

Конкурстық іріктеу жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігі болып табылатын акционерлік қоғамдардың (бұдан әрі – Қоғам) тәуелсіз директорының әрбір позициясы үшін жеке жүргізіледі.

Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорды сайлау ерекшеліктері «Арнайы экономикалық және индустрималь аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.

Жарғылық капиталында Қоғамға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі дауыс беретін акцияларының елу пайызынан астамы заңды тұлғалардың директорлар кеңестерінің құрамына тәуелсіз директорды конкурстық іріктеу олардың акционерлерінің (жалғыз акционер) жалпы жиналышында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Осы Тәртіpte мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

басқарма – алқалық орган ретінде әрекет ететін Қоғамның атқарушы органдар;

Директорлар кеңесі – Жалғыз акционермен оның мүшелерін сайлау арқылы қалыптасатын, Қоғам мен басқарманың қызметтің жалпы басқаруға және бақылауға жауап беретін Қоғамдағы басқарушы орган;

Жалғыз акционер – Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігі;

тәуелсіз директор – осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай болмаған (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда), осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайтын; осы акционерлік қоғамның немесе осы акционерлік қоғам ұйымдарының – үлестес тұлғаларының лауазымды адамдарымен бағыныстылығы жоқ және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағынысты болмаған; мемлекеттік қызметші болып табылмайтын; осы акционерлік қоғам органдарының отырыстарында акционер өкілі болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай болмаған; осы акционерлік қоғамның аудитіне аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген өзге де талаптарға сай келетін директорлар кеңесінің мүшесі.

## **2. Тәуелсіз директорларды іріктеу бойынша конкурстық комиссия қызметінің тәртібі**

3. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорды конкурстық іріктеу үшін Жалғыз акционердің шешімімен конкурстық комиссия құрылады.

4. Конкурстық комиссия Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің аппарат басшысы немесе оның міндетін атқаратын тұлға басқаратын Жалғыз акционердің алқалы органы болып табылады.

5. Конкурстық комиссияның жұмыс органы болып Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Қаржы және корпоративтік басқару департаментінің корпоративтік даму басқармасы табылады. Конкурстық комиссияның хатшысы болып конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайтын және дауыс беру құқығы жоқ конкурстық комиссия жұмыс органының қызметкері табылады.

6. Конкурстық комиссия мүшелерінің саны кемінде бес адам болуға қажет және оның құрамына Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары кіреді.

7. Конкурстық комиссияның хатшысы отырыс туралы ақпаратты конкурстық комиссияның барлық мүшелеріне қызметтік электрондық поштаны пайдалана отырып және үміткерлердің сканерленген конкурстық өтінімдерін қоса конкурстық комиссияның отырысына дейін кемінде үш жұмыс күнге дейін жібереді.

8. Комиссия отырысы оған комиссия мүшелерінің кемінде төрттен үші қатысса, құқықты болып саналады.

9. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған қатысып отырған конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, конкурстық комиссияның терағасының не оны алмастыратын адамның дауысы шешуші болып танылады.

10. Конкурстық комиссияның қандай да бір мүшесі дәлелді себеппен болмаған жағдайда, конкурстық комиссия отырысының хаттамасында оның болмау себебі және осы фактіні раставтың құжатқа сілтеме көрсетіледі.

11. Конкурстық комиссияның шешімі қатысатын конкурстық комиссия мүшелері мен хатшы қол қоятын хаттамамен ресімделеді және Жалғыз акционер мен Қоғамның ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

12. Конкурстық комиссияның шешіміне үміткерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдана алады.

### **3. Тәуелсіз директорларды конкурстық іріктеуді өткізу**

13. Жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және қырылыс вице-министрлерінің келісімі бойынша конкурстық комиссияның жұмыс органды мен Басқарма Жалғыз акционер мен Қоғамның ресми интернет-ресурстарында тиісінше Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорды іріктеу жөніндегі конкурс өткізу туралы хабарландыруларды орналастырады.

14. Конкурс өткізу туралы хабарландыруды мынадай мәліметтер болуға тиіс:

1) орналасқан жері, телефоны көрсетілген Қоғамның атауы, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы;

2) осы Тәртіптің 1-қосымшасына сәйкес тәуелсіз директорға қойылатын біліктілік талаптары;

3) хабарландыру орналастырылған күнінен бастап кемінде он күнтізбелік күн болуға тиіс үміткерлердің конкурстық өтінімдерін қабылдаудың соңғы мерзімі;

4) конкурстық комиссия жұмыс органдының пошталық мекенжайы, электрондық пошта мекенжайы және байланыс деректері;

5) тәуелсіз директор позициясының реттік номірі (конкурстың №...).

15. Үміткерлер конкурстық комиссияның жұмыс органдына мынадай құжаттарды қамтитын конкурстық өтінімді ұсынады:

1) осы Тәртіптің 2-қосымшасына сәйкес конкурсқа қатысуға өтініш;

2) үміткердің жеке басын куәланыратын құжаттың көшірмесі;

3) білімі, сондай-ақ ғылыми дәрежесі туралы құжаттардың, лицензиялардың және (немесе) патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың (олар болған кезде) нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) осы Тәртіптің 3-қосымшасына Қоғамның тәуелсіз директор лауазымына үміткер туралы мәліметтер;

5) әкімшілік құқық бұзушылық туралы анықтама;

6) соттылықтың болуы не болмауы туралы;

7) психикалық мінез-құлық бұзулықтарымен науқастардың динамикалық бақылауда тұрғаны (немесе динамикалық бақылауда болмауы) туралы мәлімет;

8) наркологиялық науқастардың динамикалық бақылауда тұрғаны (немесе динамикалық бақылауда) болмауы туралы мәлімет;

9) осындай занды тұлғалардың құрамдарына төрағалық етуді, сондай-ақ органдардың құрамдарында болудың жалпы мерзімін көрсете отырып, өзге де занды тұлғалардың басқару органдарының құрамдарына қатысу туралы мәліметтер;

10) осы Тәртіптің 4-қосымшасына сәйкес дербес деректерді жинауға және өндеуге келісім.

16. Құжаттар қағаз немесе электронды түрінде мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

17. Үміткер конкурстық өтінімді мынадай тәсілдің бірімен ұсынады:

1) конкурстық комиссияның хатшысына қағаз түрінде қолма-қол ұсыну;

2) қағаз түрінде конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген пошталық мекенжайға жіберу;

3) электронды түрде конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген электрондық мекенжайға жіберу.

Конкурстық комиссияның хатшысы олардың ұсыну тәсілін көрсете отырып, конкурстық өтініштерді тіркеу журналында тіркеуді жүзеге асырады.

18. Осы Тәртіптің 15-тармақтарының талаптарын бұза отырып ұсынылған конкурстық өтінім қабылданбауға жатады. Бұл ретте, үміткерлерге конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзіміне дейін оларды осы Тәртіптің талаптарына сәйкес келтіру құқығы беріледі.

19. Конкурстық комиссияның жұмыс органы конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде конкурстық өтінімдерді ұсынылған құжаттардың толықтылығына және үміткерлерді осы Тәртіптің 1-қосымшасында көрсетілген тәуелсіз директордың біліктілік талаптарының сәйкестігіне қарайды.

20. Конкурстық комиссияның жұмыс органы біліктілік талаптарға сай келетін үміткерлерге оның өткізілетін күні, уақыты және орны көрсетілген әнгімелесуге жазбаша шақыруды жолдайды. Жазбаша шақыру электрондық құжатайналым жүйесінде құрылады және үміткердің конкурстық өтінімінде көрсетілген пошталық және электрондық мекенжайларға жіберіледі.

Үміткердің қалауынша әнгімелесу тиісті ақпараттық платформаны пайдалана отырып, онлайн-форматта өткізілуі мүмкін.

21. Конкурстық комиссияның отырысында хатшы конкурстық комиссия мүшелеріне конкурстық комиссия отырысы хаттамасында көрсетілетін мына ақпаратты жариялады:

- әр конкурс бойынша ұсынылған конкурстық өтінімдердің саны;
- қабылданбау себебін көрсете отырып, қабылданбаған конкурстық өтінімдер туралы;
- әңгімелесуге шақыру жіберілген біліктілік талаптарға сай келетін үміткерлер туралы.

22. Өткізілген әңгімелесу қорытындылары бойынша конкурстық комиссияның әрбір мүшесі мынадай критерийлер бойынша бағалауды қоса алғанда, осы Тәртіптің 5-қосымшага сәйкес нысан бойынша үміткерді бағалау парагын (бұдан әрі – бағалау парагы) толтырады:

- 1) басшылықлауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;
- 3) Қоғам қызметіне сәйкес немесе іргелес саладағы жұмыс өтілі.

Осы Тәртіптің 5-қосымшасының ескертуіне сәйкес балл сомаларын есептеуді конкурстық комиссияның хатшысы жүзеге асырады.

23. Конкурстық комиссияның шешімі үміткерлерді бағалау парактарында қойылған баллдар негізінде қабылданады. Конкурстық комиссияның оң шешімін әңгімелесу қорытындысы және осы Тәртіптің 22-тармағында көрсетілген критерийлер бойынша бағалау нәтижесінде ең көп балл алған үміткер алады.

24. Қоғамның тәуелсіз директорын лауазымға сайлау туралы соңғы шешім «Мемлекеттік мұлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіpte Жалғыз акционердің бүйрығымен жүзеге асырылады.

25. Конкурстық комиссия конкурсты өткізілмеген деп таниды және келесі жағдайларда қайталама конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды:

- 1) конкурстық өтінімдері болмаған кезде немесе үміткерлердің барлық конкурстық өтінімдері біліктілік талаптарына сәйкес болмағандықтан қабылданбағанда;
- 2) барлық конкурстық өтінімдерді кері қайтарып алу кезінде;
- 3) уш баллдан жоғары жинаған үміткер болмаған кезде;
- 4) үміткер екі және одан артық тәуелсіз директордың позициясы бойынша конкурстық комиссияның оң шешімін алған жағдайда. Бұл ретте үміткер конкурстық комиссияның оң шешімін алған тәуелсіз директордың позициясының бірін алуға өзінің келісімін беруге тиіс.

#### **4. Корытынды ережелер**

26. Жалғыз акционер мен Қоғам үміткерлердің конкурстық іріктеуге қатысуына байланысты шығыстарын өтемейді.

27. Ешбір адам өзінің тағайындалуына, өкілеттігін тоқтатуына, сайлануына және (немесе) қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспауға тиіс.

Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым міністерлігі болып табылатын акционерлік қоғамдардың директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорды конкурстық іріктеу тәртібінің 1-қосымшасы

## **Тәуелсіз директорға қойылатын біліктілік талаптары**

### **1. Тәуелсіз директор ретінде Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлануға үміткер келесі біліктілік талаптарына сай болуы керек:**

1) осы Қоғамның үлестес тұлғасы емес және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай болмады (оның осы Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды коспағанда);

2) осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға емес;

3) осы акционерлік қоғамның немесе осы акционерлік қоғам үйымдарының – үлестес тұлғаларының лауазымды адамдарымен бағыныстылығы жоқ және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағынысты болмаған;

4) мемлекеттік қызметші емес;

5) осы акционерлік қоғам органдарының отырыстарында акционер өкілі емес және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай болмаған;

6) осы акционерлік қоғамның аудитіне аудиторлық үйым құрамында жұмыс істейтін аудитор емес және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған;

7) отыз бес жастан жас емес;

8) үміткердің жогары білімі және/немесе «магистр» дәрежесі немесе басқару (менеджмент) саласында қосымша білімі болуы керек.

9) үміткердің Қоғамның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда немесе іргелес салаларда мамандығы бойынша кемінде бес жыл және/немесе кемінде үш жыл Директорлар кеңесі мүшесі ретінде жұмыс тәжірибесі болуы керек.

### **2. Егер адам аталған тармақтардың біреуіне немесе бірден бірнешеуіне жататын болса, тәуелсіз директорға үміткер бола алмайды:**

1) бұрын мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері лауазымын атқарған. Көрсетілген талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа

занды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады;

2) Қазақстан Республикасының және басқа елдердің зандарында белгіленген тәртіппен өтелмеген не алынбаған соттылығы не қылмыстық жауаптылықтан босатылуы бар;

3) бәсекелес ұйымның лауазымды адамы немесе қызметкері болып табылатын;

4) тиісті уәкілетті органның шешімі бойынша кез келген елде Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде беделін түсірген және (немесе) шеттетілген.

Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылымдар министрлігі болып табылатын акционерлік қоғамдардың директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорды конкурстық іріктеуге қатысуға өтініш

\_\_\_\_\_ (атауы) акционерлік қоғамының  
**директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорды конкурстық**  
**іріктеуге қатысуға өтініш**

Мен, \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.), осымен менің конкурстық өтінімінді \_\_\_\_\_ акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорды конкурстық іріктеуге қатысуға тіркеуді сұраймын.

\_\_\_\_\_  
 (қолы)

\_\_\_\_\_  
 Т.А.Ә., күні

Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігі болып табылатын акционерлік қоғамдардың директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорды конкурстық іріктеу тәртібінің 3-қосымшасы

*Ұміткердің 3\*4 см суреті*

### Қоғамның тәуелсіз директор лауазымына үміткер туралы мәліметтер

#### 1. Жалпы мәліметтер:

Тегі, аты, әкесінің аты	
	(жеке куәлікке (паспортқа) толық сәйкес, тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, олар қашан және қандай себеппен өзертілгенін көрсету керек)
Тұған күні, айы, жылы және жері	
Тұракты тұратын жері, телефон нөмірлері	(толық мекенжайын, елді мекенінің кодын қоса алғанда, қызметтік, үй, байланыс телефондарының нөмірлерін көрсету қажет)
Азматтылығы	
Қазақстан Республикасының резиденттілігі	
Жеке басын растайтын құжаттың толық реквизиттері	

#### 2. Үлестестігі туралы мәліметтер:

Жақын туыстары (ата-анасы, жұбайы, ағасы, әпкесі, балалары), сондай-ақ жекежаты (ағасы, әпкесі, ата-анасы, жұбайының (зайыбының) балалары) туралы мәліметтер:

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Тұған күні, айы, жылы	Туыстық қатынастар	Жұмыс орны және лауазымы

1				
2				
3				

Занды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысу немесе занды тұлғаны бақылауды жүзеге асыру:

№	Атауы және орналасқан жері	Занды тұлғаның жарғылық қызмет түрлері	Сомасы және қатысу үлесі
1			
2			
3			

### 3. Кәсіби деректер:

Білім, оның ішінде жұмыс бейініне сәйкес келетін кәсіптік білім	
	(оқу орнының, факультеттің немесе бөлімшенің атауы мен орналасқан жерін, оқу кезеңін, берілген біліктілікті, білім туралы дипломның деректемелерін көрсету)
Қосымша білім, оның ішінде жұмыс істейтін салада біліктілікті арттыру ғылыми курстары, дәрежелер	
	(оқу орнының атауы мен орналасқан жерін, оқу кезеңін, білім туралы дипломның, сертификаттың, қуәліктің деректемелерін көрсету)
Қаржылық қызметтерді ұсыну және (немесе) реттеу саласындағы жұмыс тәжірибесі	
	(қаржы ұйымдарында жұмыс істеген жылдарының санын, қызмет түрлері бойынша аудитор, бухгалтер лауазымына орналасуын көрсету)
Басшылық лауазымдағы жұмыс тәжірибесі	
	(қолда бар жұмыс тәжірибесін сипаттау: компанияның атауы, басшы лауазымдағы жұмыс өтілі, лауазымдық міндеттері, кәсіби дағдылары)
Директорлар байқау	кеңесі / кеңестері

құрамындағы тәжірибесі	жұмыс	
Тілдер білуі		
Компания тобына ұқсас бизнесі білу		
Листингтен өткен/өтетін компаниялардағы жұмыс тәжірибесі		
Кол жетімді жетістіктер		(осы мәселе бойынша ақпаратты көрсету, мысалы, ғылыми жарияланымдардың атаулары, ғылыми әзірлемелерге, заң жобаларына қатысу және т. б.)
Кәсіби мүшелігі	ұйымдардағы	
		(осы сұрақ бойынша ақпаратты көрсету қажет, мысалы, актуарийлер, аудиторлар палатасы)
Осы сұраққа қатысы бар басқа да ақпарат		(Уміткерлердің кәсіби біліктілігін сипаттайтын ақпаратты көрсету қажет)

**4. Енбек, кәсіби, консалтингтік қызмет туралы мәліметтер:**

№	Жұмыс істеген уақыты (айы, жылы)	Ұйым атауы, лауазымдары және лауазымдық міндеттері, ұйымның байланыс телефон нөмерлері
1		
2		
3		

**5. Занды тұлғалардың директорлар кеңестерінде торағалығы және мүшелігі:**

№	Жұмыс мерзімі (айы, жылы)	Ұйымның атауы, атқаратын лауазымдары (Директорлар кеңесінің төрағасы немесе мүшесі), ұйымның координаттары	Занды тұлғаның (құрылтайшының немесе меншік иесінің) жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуының болуы немесе занды тұлғаға

			<p>бақылауды жүзеге асыру құқығының болуы немесе дауыс беретін акциялардың/басқа заңды тұлғалардың қатысу үлестерінің елу пайызынан астамын иелену, пайдалану немесе билік ету құқығының болуы (өзінің үлестес тұлғаларымен бірлесіп)</p>
1			
2			
3			

## 6. Басқа мәліметтер:

Қазакстан Республикасының және басқа елдердің заңдарында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болуы	Ия/жоқ
Қазақстан Республикасының және басқа елдердің заңнамасын бұзғаны үшін лауазымдық міндеттерін орындаудан шеттету, оның ішінде тиісті уәкілетті органның шешімі бойынша кез келген елде Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде беделін түсіру және (немесе) шеттету туралы деректердің болуы	Ия/жоқ, егер «Ия» болса, онда қашан және кіммен әсер ету шаралары қолданған
Бұрын банкрот деп танылған не оған қатысты акцияларды мәжбүрлеп тарату, консервациялау, мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылданған заңды тұлғаның Директорлар Кеңесінің Төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған. Көрсетілген талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды	Ия/жоқ, егер «Ия» болса, онда ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс мерзімі

мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.	
Басқа да сұраққа қатысы бар ақпарат	(ерікті қалаған түрде көрсетіледі)

Мен, (Тәуелсіз директор лауазымына үміткердің тегі, аты, әкесінің аты)

,  
осы ақпараттың мұқият тексерілгенін және шынайы және толық екенін  
растаймын және мен ұсынған дұрыс емес мәліметтердің болуы менің конкурстық  
өтінімінді қабылданбауына негіз болып табылатынын мойындаимын.

(қолы)

Т.А.Ә., күні

Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігі болып табылатын акционерлік қоғамдардың директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорды конкурстық іріктеу тәртібінің 4-қосымшасы

### **Дербес деректерді жинауға және өндеге келісім**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 22-бабы 1-тармағының 24) тармақшасына және 23-бабы 2-тармағының 24) тармақшасына, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес

Мен,

Қазақстан

Республикасының азаматы (оның тұлғасын растайтын құжаттың атауы, нөмірі, берілген күні мен кім бергенін көрсету қажет), жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_ (нөмірді көрсету қажет), нақты тұрғын мекенжайы \_\_\_\_\_ (нақты тұратын мекенжайлды көрсету қажет), тіркеу мекенжайы \_\_\_\_\_ (тіркеу мекенжайын көрсету қажет), жұмыс берушіге, сонымен қатар қазіргі уақытта да, келешекте де жұмыс берушімен Қазақстан Республикасының заңнамасына тәртіпке қайши келмейтін менің дербес деректерімді алуға, сақтауға, пайдалануға және таратуға, сондай-ақ менің өтінішім негізінде оларды өзгертуге және (немесе) толықтыруға не өзге де тәсілмен бағытталған қандай да бір құқықтық қатынастармен байланысты үшінші тұлғаларға, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық тасығышта тіркелген Қазақстан Республикасының заңнамасына қайши келмейтін менің дербес деректерімді жинауға және өндеге келісім беремін.

(қолы)

Т.А.Ә., күні

Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігі болып табылатын акционерлік қоғамдардың директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорды конкурстық іріктеу тәртібінің 5-косымшасы

**... АҚ тәуелсіз директор лауазымына  
үміткерді бағалау парагы  
(№... конкурсе)**

№	Үміткердің тегі, аты, әкесінің аты	Критерийлер бойынша бағалау, балдар				Жалпы балл
		Басшылық лауазымдағы отілі*	Директор кеңесінің мүшесі ретінде жұмыс тәжірибесі **	Қоғам қызметіне сәйкес немесе іргелес саладағы жұмыс отілі ***	Әңгімелесу****	
1						
2						
	...					

(қолы)

(Т.А.Ә. конкурстық комиссия мүшесі)

Ескерту:

\* 3 жылға дейін - 1 балл,

3 жылдан астам - 1 балл және 3 жылдан астам әрбір жыл үшін + 0,5 балл

\*\* 3 жылға дейін - 1 балл;

3 жылдан астам - 1 балл және 3 жылдан астам әрбір жыл үшін + 0,5 балл

\*\*\* 10 жылға дейін - 1 балл;

10 жылдан астам - 1 балл және 10 жылдан астам әрбір жыл үшін + 0,5 балл

\*\*\*\* Қарым-катаинас дағдылары:

0 балл - үміткер әңгімелесу қабілетін көрсетпейді;

1 балл - үміткер әңгімені қатаң жүргізеді, жетекші сұрақтарға жауап бермейді;

2 – 3 балл - үміткер әңгімені шектеулі түрде жүргізеді, бірақ жетекші сұрақтарға жауап береді;

4 балл - үміткер кәсіби тақырыпта оңай әңгімелеседі;

5 балл - үміткер кәсіби тақырып бойынша еркін әңгімелеседі, кез келген тақырыптағы сұрақтарға оңай жауап береді.

Қазақстан Республикасы  
 Өнеркәсіп және құрылым министрі  
 міндеттін атқарушының  
 2025 жылғы «В» науқар  
 № 11 бүйрекшіне 2-косымша

**Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігі болып табылатын акционерлік қоғамдардың директорлар кенесінің құрамына тәуелсіз директорды сайлау бойынша конкурстық комиссияның құрамы**

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігі аппаратының басшысы, конкурстық комиссия төрағасы;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігі Зан департаментінің директоры;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігі Ішкі аудит департаментінің директоры;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігі Қаржы және корпоративтік басқару департаментінің директоры;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігі Корғаныс-өнеркәсібі кешені департаментінің директоры;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігі Өнеркәсіптік инфрақұрылымды және елішлік құндылықты дамыту департаментінің директоры;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігі Өнеркәсіптік саясат департаментінің директоры;

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігі Қаржы және корпоративтік басқару департаментінің корпоративтік даму басқармасының бас эксперті, конкурстық комиссияның хатшысы.



**БҮЙРЫҚ**

*13 наурыз 2022*

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№

*11*

город Астана

**О конкурсном отборе независимого директора  
в состав Совета директоров акционерных обществ, единственным  
акционером которых является Министерство промышленности и  
строительства Республики Казахстан**

В соответствии с пунктом 70 Типового кодекса корпоративного управления в контролируемых государством акционерных обществах, за исключением Фонда национального благосостояния, утвержденного приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 5 октября 2018 года № 21, ПРИКАЗЫВАЮ:

1. Утвердить Порядок конкурсного отбора независимого директора в состав Совета директоров акционерных обществ, единственным акционером которых является Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан согласно приложению 1 к настоящему приказу.

2. Создать конкурсную комиссию по отбору независимого директора в состав Совета директоров акционерных обществ, единственным акционером которых является Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан, в составе согласно приложению 2 к настоящему приказу.

3. Департаменту финансов и корпоративного управления Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан:

1) обеспечить размещение настоящего приказа на интернет-ресурсе Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан;

2) принять необходимые меры, вытекающие из настоящего приказа.

4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить руководителя аппарата Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан.

5. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

**Исполняющий обязанности  
Министра**



**R. Исакулов**

000423

Приложение 1  
 к приказу исполняющего обязанности  
 Министра промышленности и  
 строительства Республики Казахстан  
 от «13» «августа» 2025 года  
№ 11

**ПОРЯДОК**  
**конкурсного отбора независимого директора в состав Советов директоров**  
**акционерных обществ, единственным акционером которых является**  
**Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан**

**1. Общие положения**

1. Настоящий Порядок конкурсного отбора независимого директора в состав Советов директоров акционерных обществ, единственным акционером которых является Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан (далее – Порядок), разработан на основании пункта 70 Типового кодекса корпоративного управления в контролируемых государством акционерных обществах, за исключением Фонда национального благосостояния, утвержденного приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 5 октября 2018 года № 21.

